



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000 және 10000 теңгелік
банкноттарды айналымнан алу нәтижелері туралы**

3 ақпан, 2021 жыл

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2021 жылдың 1 ақпанында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттарды ауыстыру мерзімі аяқталғанын хабарлайды.

Осы номиналдардағы банкноттарды ауыстыру мерзімін ұзарту туралы шешімді Ұлттық Банк азаматтардың өтініштеріне байланысты қабылдаған болатын. Айырбастау тек жеке тұлғалар үшін Ұлттық Банктің филиалдарында 2020 жылдың 21 желтоқсанынан бастап 2021 жылдың 1 ақпанына дейін жүргізілді.

Осы кезеңде банкноттарды ауыстыруға қатысты өтініштердің көп бөлігі Алматы қаласының (28,2%), Нұр-Сұлтан қаласының (9,5%) және Қарағанды облысының (7,5%) тұрғындарынан түсті. Айырбастауға қабылданған купюралардың негізгі үлесі номиналы 2000 теңгелік (44,1%) банкнотаға тиесілі болды, одан кейін 5000 (30,9%) және 10000 теңгелік (25,0%) банкноттар.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ БАНКНОТТАР



2000 ТЕҢГЕ

5000 ТЕҢГЕ

10000 ТЕҢГЕ

Ұлттық валютаның қолданыстағы ақша белгілеріне ауыстыру мерзімінің аяқталуына байланысты 2006 жылғы үлгідегі аталған номиналдағы банкноттар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында **қабылдауға және айырбастауға жатпайды** және төлем құралы болып саналмайды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz